

Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік жөніндегі қызметтерін сертификаттау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 қазандағы N 1019 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 қыркүйектегі N 891 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.09.26 N 891 Қаулысымен.

"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына сәйкес, сондай-ақ азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік жөніндегі қызметтерін сертификаттау ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 жылғы 4 қазандағы

N 1 0 1 9 қаулысымен

бекітілген

Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік жөніндегі қызметтерін сертификаттау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік жөніндегі қызметтерін сертификаттау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында (бұдан әрі - авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін азаматтық авиация ұйымдары) қызметтерін сертификаттауды жүргізуге тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережеде Заңда және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі

туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 заң күші бар Жарлығында (бұдан әрі - Жарлық) көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар қолданылады:

1) өтініш беруші - Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі қызметтердің сәйкестік сертификатын (бұдан әрі - Сертификат) алу үшін уәкілетті органға өтініш берген
з а ң д ы т ұ л ғ а ;

2) инспекциялық бақылау - сертификаттау жөніндегі тіркелген органдардың тарапынан сертификатталған өнімнің, процестің, жұмыстың, қызметтердің белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылау;

3) азаматтық авиация ұйымы - азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) сертификаттық тексеру - уәкілетті орган жүзеге асыратын өтініш берушінің (авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет көрсету бойынша персоналдың, жабдықтың, технологиялық процестердің) сертификаттық талаптарға сәйкестігін тексеру;

5) сертификаттық талаптар - азаматтық авиацияны сертификаттау саласындағы нормативтік құқықтық кесімдермен белгіленген талаптар;

6) авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің арнайы техникалық құралдары - азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актілерінен қорғауды қамтамасыз ету кезінде жеке немесе қандай да бір жүйенің бөлігі ретінде пайдалануға арналған арнайы құрылғылар.

3. Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін азаматтық авиация ұйымдарының қызметтерін сертификаттауды уәкілетті орган сертификатты 2 жылдан артық емес мерзім беріп, қолданылу саласы мен қолданылу мерзімін көрсетіп жүргізеді.

Сертификаттарды беруді есепке алуды, сондай-ақ сертификаттық талаптардың сақталуын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі азаматтық авиация ұйымдарының қызметтерін сертификаттау әуежайлық қызметке арналған немесе әуе тасымалдарын жүзеге асыруға арналған лицензияны алғанға дейін авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қызметтің негізгі түрлері бойынша кешенді жүргізледі.

5. Сертификаттауға жататын авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін азаматтық авиация ұйымдары қызметінің негізгі түрлері:

1) авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

2) азаматтық авиация ұйымдарының құрылыстары мен жердегі құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) әуе кемелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) жолаушыларды, қол жүгін, әуе кемесінің экипаж мүшелерін және авиаперсоналды тексеруді ұйымдастыру;

5) багажды, жүкті, почтаны және борттық қорларды ұшу алдында тексеруді ұйымдастыру;

б) мемлекеттік органдармен және азаматтық авиация ұйымдарымен өзара іс-қимылды үйлестіру жөніндегі, соның ішінде азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актілері кезінде шаралар ұйымдастыру және қолдану болып табылады.

6. Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін азаматтық авиация ұйымы онда осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі сәйкестік сертификаты бар болған кезде ғана авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асырады.

2. Сертификаттау жүргізу тәртібі

7. Сертификаттау жүргізудің мынадай тәртібі белгіленеді:

1) өтініш берушінің осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға өтініш беруі;

2) алдын-ала бағалау және өтініш бойынша уәкілетті органның шешім қабылдауы;

3) уәкілетті органның сертификаттық тексеру жүргізуі;

4) шешім қабылдау және Сертификат беру (беруден бас тарту).

8. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) өтініш берушінің құрылтай құжаттары;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

3) авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өтініш берушімен шарттық қатынастары бар (бар болған кезде) пайдаланушылар мен азаматтық авиация кәсіпорындарының тізбесі;

4) авиациялық қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету бойынша пайдаланушылармен жасалған шарттардың (шарттарға қосымшалардың) (бар болған кезде) көшірмелері;

5) осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді тікелей жүзеге асыратын өтініш берушінің басшы құрамы туралы деректер;

б) өтініш берушінің бағыныштылық пен өзара іс-қимыл жасайтын байланыстары (өтініш берушінің әкімшілігі, құрылымдық бөлімшелері) көрсетілген авиациялық қауіпсіздік қызметінің (бұдан әрі - АҚК) ұйымдастырушылық құрылымының сызбасы;

7) өтініш берушінің АҚК туралы ережесі;

8) АҚК-тың персоналмен жинақталуы жөніндегі деректер;

9) АҚК-тың өндірістік базасы жөніндегі деректер;

10) авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің техникалық құралдарының

т і з б е с і ;

11) авиациялық қауіпсіздік жөніндегі басшы құжаттардың тізбесі;

12) өтініш беруші ұйымды инспекциялық тексеру актісі (ол өткізілген жағдайда) ;

13) АҚҚ бақылайтын аймақтар (енуі шектелген аймақтар) көрсетілген өтініш беруші аумағы жоспарының сызбасы;

14) онда тексеру пункттері орналасқан аэровокзал ғимаратының нақты сызбасы (жоспары) ;

15) АҚҚ персоналы мен авиаперсоналды (санаттары бойынша) оқыту бағдарламасы ;

16) өтініш берушінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасы;

17) авиациялық қауіпсіздік жөніндегі әуежай комиссиясы туралы ереженің көшірмесі, оның жеке құрамы;

18) сертификаттау жөніндегі жұмыстарға ақы төлеу туралы түбіртек.

Осы тармақтың 1)-2) тармақшаларында көзделген құжаттар нотариалды расталған көшірмелер түрінде ұсынылады.

Осы Ереженің 3)-18) тармақшаларында көрсетілген құжаттар өтініш берушінің бірінші басшысы қол қойған және мөрімен расталған көшірмелер түрінде ұсынылады .

9. Уәкілетті орган өтінішті және өтінішке қоса берілген құжаттарды оларды алған күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде осы Ереженің талаптарына сәйкестігін қарайды және өтініш жөнінде қабылданған шешім туралы өтініш берушіге осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес хабарлайды.

10. Егер өтініш және (немесе) өтінішке қоса берілген құжаттар осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген немесе өтінішке қоса берілген құжаттар толық көлемде ұсынылмаған жағдайда, мұндай өтінім, қайтару себептері көрсетіліп қайтарылуда жатады .

11. Өтінім бойынша ескертулер болмаған кезде (ескертулерді жойғаннан кейін) өтінім бойынша шешім негізінде уәкілетті органның бұйрығымен сертификаттық тексеру жүргізу үшін комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады.

3. Сертификаттық тексеру

12. Осы тексеру азаматтық авиация ұйымдары қызметінің өтінім берілген аясына қатысты жүргізіледі.

13. Сертификаттық тексеру барысында өтінім беруші өтінім берілген қызмет саласының сертификаттық талаптарға сәйкестігін растайды.

14. Сертификаттық тексеру авиациялық қауіпсіздік жөніндегі азаматтық авиация ұйымдарын сертификаттық тексерудің уәкілетті орган бекітетін үлгілік бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

15. Сертификаттық тексеру нәтижелері бойынша екі данада (өтініш беруші

мен уәкілетті орган үшін бір-бірден) осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша авиациялық қауіпсіздіктің нақты жай-күйі, Сертификат беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы тұжырымдар, ұсынымдар мен қорытындылар көрсетілген сертификаттық тексеру актісі (бұдан әрі - Акт) жасалады.

Актіге комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

16. Комиссияның сертификаттық тексеру мерзімі комиссия сертификаттық тексеру орнына келген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

4. Сертификатты беру, беруден бас тарту, қолданылуын тоқтата тұру және қайтарып алу

17. Сертификат беру мүмкіндігі туралы қорытындысы бар Акт Сертификат беру үшін негіз болып табылады.

18. Сертификатты беру мүмкіндігі туралы қорытындысы бар Акт жасалғаннан кейін уәкілетті орган актінің он күн мерзімінде Сертификатты ресімдеуді және беруді жүргізеді.

19. Сертификатты беруден бас тарту мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету осы санаттағы тұлғалар және ұйымдар үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерімен тыйым салынғанда;

2) сертификаттық тексеру нәтижелері бойынша өтініш беруші сертификаттау талаптарына сәйкес келмегенде;

3) өтінім берушіге қатысты оған авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметті жүзеге асыруды тыйым салатын заңды күшіне енген сот шешімі болғанда.

20. Сертификат беруден бас тарту кезінде өтініш берушіге бас тарту себептерін көрсетіп, он тәулік ішінде дәлелді жауап беріледі.

21. Сертификаттың қолданылуын тоқтата тұру немесе оны қайтарып алу мынадай себептер бойынша жүргізілуі мүмкін:

1) авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін азаматтық авиация ұйымы инспекциялық бақылау барысында анықталған сертификаттық талаптарға сәйкес келмеген кезде;

2) авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін азаматтық авиация ұйымының өтініші бойынша.

22. Сертификат беруден бас тарту сертификат беруден бас тартқан органның орналасқан жері бойынша сотқа шағымдануы мүмкін.

23. Уәкілетті орган инспекциялық бақылау нәтижелері бойынша Сертификаттың қолданылуын тоқтату себептерін көрсетіп, алты айға дейінгі мерзімге тоқтата алады.

Сертификаттың қолданылуын тоқтатуға негіз болған себептер жойылмаған жағдайда, ол қайтарылып алынады.

24. Сертификат қайтарылып алынған кезде авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін азаматтық авиация ұйымы уәкілетті органға Сертификатты д е р е у қ а й т а р а д ы .

25. Сертификаттың қолданылуын қалпына келтіруді (оның қолданылуы тоқтатылған жағдайда) ұйым анықталған кемшіліктерді жойғаннан, уәкілетті органға растайтын құжаттарды көрсеткеннен және ол қажетті тексерулерді жүргізгеннен кейін ғана уәкілетті орган жүзеге асырады.

26. Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін азаматтық авиация ұйымының атауы, оның ұйымдастырушылық құқықтық нысаны өзгерген жағдайда және басқа өзгертулер болғанда, егер олар сертификаттық талаптарға сәйкессіздікке соқтырмаса, берілген сертификаттарды қайта ресімдеу жүргізіледі .

2004 жылғы " ____ " _____ N ____

Азаматтық авиация ұйымдарының
авиациялық қауіпсіздік жөніндегі
қызметтерін сертификаттау
е р е ж е с і н е

1-қосымша

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
сертификаттау жүйесі**

Сәйкестік

белгісі _____ (сертификаттау жөніндегі органның атауы және

_____ оның мекен-жайы)

КСУ N _____

Сәйкестік сертификаты

200_ жылғы " ____ " _____ Сериясы _____ N ____
200_ жылғы " ____ " _____ дейін жарамды

_____ (қызмет орындаушының атауы, заңды мекен-жайы)

Осы Сертификат _____ (а т а у ы)

қызметі (қызметтер) _____ нормативтік
құжаттардың _____
(белгіленуі)

талаптарына сәйкестігін куәландырады. _____

Сертификат _____

(атауы, N, құжаттарды тіркеу күні)

негізінде берілді

Инспекциялық бақылауды _____ жүзеге асырады.
(уәкілетті органның атауы)

МО

Сертификат берген органның басшысы

(қолы)

(аты-жөні)

Сәйкестік

сертификатына

қ о с ы м ш а

Сериясы ____ N ____

Сертификаттың қолданылу саласы

р/с	Азаматтық авиация	Соған сәйкестікке тексеру	Ескерту
N	ұйымының атауы	жүргізілген нормативтік	құжаттың атауы

МО

Уәкілетті органның басшысы

(Қолы, аты-жөні)

2004 жылғы " ____ " _____ N ____

Азаматтық

авиация

ұйымдарының

авиациялық

қауіпсіздік

жөніндегі

қызметтерін

сертификаттау

е р е ж е с і н е

2-қосымша

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сертификаттау жүйесінде қызметтерді
сертификаттауды жүргізуге арналған**

Өтінім

1. _____

(ұ й ы м н ы ң а т а у ы)

(басшының лауазымы, аты-жөні)

авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметтерге
сертификаттық тексеру жүргізуге өтінеді.

2.

Ұ й ы м

т у р а л ы

м ә л і м е т :

- 1) меншік нысаны _____
- 2) тіркеу туралы куәлік _____
(нөмірі, кім және қашан берді)
- 3) банктік деректемелері _____
(е/ш N, коршот, МФО, банктің атауы мен орналасқан жері)
- 4) заңды мекен-жайы және басқа деректемелер _____
(почталық мекен-жайы, тел. факс)

3. Қоса беріліп отырған құжаттар _____
(қанша бет)

Ұйым басшысы: _____ 200_ жылғы "___" _____
(а т ы - ж ө н і , қ о л ы)

М . О .
Құжаттарды: _____ 200_ жылғы "___" _____ қабылдады
(уәкілетті органның лауазымды тұлғасы)

2004 жылғы "___" _____ N _____

Азаматтық авиация ұйымдарының
авиациялық қауіпсіздік жөніндегі
қызметтерін сертификаттау
е р е ж е с і н е

3-қосымша

**Азаматтық авиация ұйымдарын авиациялық қауіпсіздік бойынша сертификаттау
жүргізуге арналған өтінім бойынша**

Шешім

200_ жылғы "___" _____ N _____

_____ (ұ й ы м н ы ң а т а у ы)

"___" _____ N _____
_____ (о б ъ е к т і н і ң а т а у ы)

_____ ұсынылған сертификаттау жүргізуге арналған өтінімді қарап,

_____ м ы н а л а р д ы х а б а р л а й м ы з :

1. Сіздер ұсынған құжаттар сертификаттау талаптарына сәйкес келеді (сәйкес келмейді) (сәйкес келмеген жағдайда сәйкес келмейтін тармақ көрсетіледі) _____

2. Сертификаттық тексеру _____ бастап _____ кезеңде ө т к і з і л е д і .

3. Тексеру _____

(нормативтік құжаттардың атауы мен белгіленуі)
талаптарына сәйкестігіне жүргізіледі.

4. Инспекциялық бақылауды _____
(уәкілетті органның атауы, мекен-жайы)

ж ү з е г е а с ы р а д ы .

5. Жұмыстар _____
негізінде жүргізіледі.

Уәкілетті органның басшысы

М.О.

_____ (қолы)

_____ (аты-жөні)

200_ жылғы "___" _____

2004 жылғы "___" _____ N _____

Азаматтық авиация ұйымдарының

авиациялық қауіпсіздік жөніндегі

қызметтерін сертификаттау

е р е ж е с і н е

4-қосымша

Авиациялық қауіпсіздік қызметі өндірістік базасының авиациялық персоналы, техникалық құралдар мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде өтінім берушімен шарттық қатынастары бар ұйымдардың тізбесі бойынша жиынтық деректер

**1. Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз
етуді тікелей жүзеге асыратын**

(өтініш беруші ұйымның атауы)

басшы құрамы бойынша деректер

Негізгі Штаттық функ. циясы	Аты- Туған Негізгі Авиациялық лауазымы жөні жылы білім қауіпсіздік дағы бойынша жұмыс жұмыс стажы стажы гін арттыру (күні, оқу орны)

Әуежай (авиакомпания) басшысы

Әуежай (авиакомпания) басшысының авиациялық қауіпсіздік жөніндегі
о р ы н б а с а р ы .

Авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысы.

Авиациялық қауіпсіздік қызметінің (бұдан әрі - АҚҚ тексеру, қауіпсіздік

бөлімшелерінің, әкімшілік бөлімшесінің басшылары.

Әуежай (авиакомпания) басшысы _____
(қолы, аты-жөні)

Күні _____ М.О.

2. Авиациялық қауіпсіздік қызметінің персоналмен жинақталуы бойынша деректер

(азаматтық авиация кәсіпорнының атауы)

Ж а л п ы	с а н ы	_____	а д а м
Н а қ т ы	с а н ы	_____	а д а м

Авиациялық қауіпсіздік қызметінің құрылымдық бөлімшелері бойынша деректер

Штаттық лауазымдары	Санаты	Штат	Нақты
		б о й ы н ш а	с а н ы
		с а н ы	

АҚҚ	басшы	құрамының	штаттық
л а у а з ы м д а р ы			

1	.
2	.

Тексеру	бөлімшесінің	штаттық
л а у а з ы м д а р ы		

1	.
2	.

АҚҚ	қауіпсіздік	бөлімшесінің
штаттық	л а у а з ы м д а р ы	

1	.
2	.

АҚҚ	басқа	бөлімшелерінің	штаттық
л а у а з ы м д а р ы :			

1	.
2	.

Әуежай (авиакомпания) басшысы _____
(қолы, аты-жөні)

Күні _____

М.О.

3. Авиациялық қауіпсіздік қызметінің өндірістік базасы бойынша деректер

әуежай (авиакомпания) атауы

АҚҚ-ке арналған өндірістік үй-жайлар мен құрылыстар | Саны және жалпы ауданы - (шаршы м.)

| Меншікті Жалға алынған

1. АҚҚ-тың қызметтік үй-жайлары

2. АҚҚ-тың тұрмыстық үй-жайлары

3. Қару мен оқ-дәрілерді сақтауға арналған үй-жайлар (жарақтау мен дабыл беру)

4. АҚҚ-тың оқу бөлмесі

5. Өтеуге/жүруге арналған БӨП

6. Күзеттік мұнаралар және тұрақты бекеттер (жарақтау мен байланыс)

7. Жолаушыларды, мүшелерін, п у н к т т е р і, авиаперсоналды ӘК экипаждарының тексеру

8. Багажды, қорларды жүкті, тексеру почтаны, борттық пункттері

9. "Дабыл" штабына арналған операциясының үй-жай байланыс) оперативтік (жарақтау,

10. ӘК-тің арнайы тұрағы

Әуежай (авиакомпания) басшысы _____

(қолы, аты - жөні)

Күні: _____ М.О.

4. Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің техникалық құралдарының тізбесі

Тексеру пункттерінің саны

1. Халықаралық желілерде _____
2. Ішкі желілерде _____
3. БӨП-те _____
4. СІР/VІР залында _____
5. Багажды, жүкті, борттық қорларды тексеру үшін _____

Авиациялық қауіпсіздік техникалық құралдарының тағайындалуы мен атауы	Үлгісі, моделі	Саны
1	2	3

1. Жолаушыларды, экипаж мүшелерін, авиаперсонал мен олардың қол жүгін тексерудің техникалық құралдары:
 - Интроскоптар
 - тұрақты темір іздегіштер
 - тасымалданатын (қол) темір іздегіштер
2. Багажды, жүктерді, почтаны және борттық қорларды тексерудің техникалық құралдары:
 - жүк (басқа) интроскоптары
 - тасымалданатын (қол) темір іздегіштер
3. Жарылғыш заттарды табудың, оқшаулаудың және зиянсыздандырудың техникалық құралдары
4. Техникалық күзет құралдары:
 - бейне-бақылау құралдары
 - күзеттік дабыл құралдары

Әуежай (авиакомпания) басшысы _____
(қолы, аты - жөні)

Күні: _____ М.О.

5. Өтініш берушімен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде шарттық қатынастары бар азаматтық авиация ұйымдарының тізбесі

Р/с N	Ұйымның ресми атауы	Базалық пункті	Шарттың нөмірі, қол қойылған күні
1	2	3	4

Әуежай (авиакомпания) басшысы _____
(қолы, аты - жөні)

Күні: _____ М.О.

2004 жылғы "___" _____ N ___

Азаматтық авиация ұйымдарының
авиациялық қауіпсіздік жөніндегі
қызметтерін сертификаттау
е р е ж е с і н е

5-қосымша

**Авиациялық қауіпсіздік бойынша сертификаттық тексеру
Актісі**

_____ 200__ жылғы "___" _____ N _____

(уәкілетті органның атауы)

бұйрығына сәйкес мынадай құрамдағы комиссия:

Комиссия төрағасы: _____
(а т ы - ж ө н і , л а у а з ы м ы)

Комиссия мүшелері: _____
(а т ы - ж ө н і , л а у а з ы м ы)

_____ (а т ы - ж ө н і , л а у а з ы м ы)

_____ сертификаттық тексеру жүргізілді

(ұйымның атауы)

қорытынды мәтіні:

Комиссия төрағасы: _____
(а т ы - ж ө н і) (қ о л ы)

Комиссия мүшелері: _____
(аты-жөні) (қолы)

(аты-жөні) (қолы)

А к т і м е н т а н ы с т ы м :

Ұйымның басшысы _____
(аты-жөні) (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК